

## ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ ҚЫРҒЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ

**Абдуллаев Ниетбек**

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінің, Қазақ тілі және әдебиеті бағытының II курс студенті.

**Жарасбаев Нүркелді**

Ғылыми жетекші:

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінің ұстазы.

### АННОТАЦИЯ

Қырғыз халқының атақты әрі көрнекті өкілі, қырғыз халық әдебиетін әлемге танытқан тұлға – Шыңғыс Айтматов Төрекұл ұлы. Ол өзінің керемет жазылған әңгіме романдары арқылы тек қырғыз елін ғана емес бүкіл әлем әдебиетін сүйсіндіре алды. Оның әдебиетке қосқан үлесі әлемдік деңгейде үлкен орын иелейді, өшпес мұра ретінде халықаралық атаққа ие болды.

**Кілтті сөздер:** гуманист, жазушы, мемлекет қайраткері, проза, корреспондент.

### CHINGIZ AITMATOV IS A PROMINENT REPRESENTATIVE OF KYRGYZ LITERATURE

#### ABSTRACT

The famous and prominent representative of the Kyrgyz people, the person who presented Kyrgyz folk literature to the world, is Chingiz Aitmatov Torekul the great. With his brilliantly written short story novels, he managed to charm not only the Kyrgyz country, but also the entire world literature. His contribution to literature occupies a huge place at the world level, has gained international fame as an indelible heritage.

**Keywords:** humanist, writer, statesman, prose, correlative.

Шыңғыс Айтматовтың балалық шағы қайғы мұңға толы болды десек болады. Ол 1928 жылдың желтоқсан айының он екінші жұлдызында, Қырғызстанның Талас ауданы ішіндегі, кіші Шекер атты ауылында дүниеге келеді. Ол шаруа қайраткері Төрекұлдың отбасындағы ең жас, төртінші перзент болды. Төрекұл коммунистік идеялардан рухтанған, бар күшін жаңа тәртіпке қызмет етуге жұмсайтын адам болды. Кейінірек ол Мәскеуге ауыстырылып, онда

білім алды. Партиялық мансапқа иегер болды. Анасы Нағима актриса болды. Бірақ ол бар жұмысын тастап, күйеуінің артынан кетті. Төрөқұлдың партиялық жұмыстарына араласа бастады. Анасы өте білімді, бірнеше тілді білетін, бірнеше мамандық иесі болған әйел еді. Олар Мәскеуде болған уақытта Төрөқұлға түрлі айыптар тағылады. Соның арқасында ол жанұясымен бірге Қырғызстанға қайтуына тура келді. Өз еліне қайтқаннан кейін Төрөқұл үстінен бірнеше толқулар мен тұтқындаулар болғаннан кейін, көп ұзамай оны түрмеге жауып, ату жазасына кесілді.

Үйде, Отанда алдымен көп халық «сатқынның» жұбайымен қарым-қатынас жасауға қорықты. Бірақ әлем жақсы адамдардан түгел ажырап қалған еместі. Нағима өз білімі мен еңбекқорлығы арқасында мақсатына жетті – ол жұмыс тауып, өзіне баспана тапты. Балаларын шекер ауылының қасындағы Кировка деген жерде мектепке берді. Оны ажыратып санамаған халыққа Нағима өте тәнті болды. Бұл әсіресе, мектеп мұғалімдерінің балаларына жасаған ізгі-амалдарында айқын байқала түсті.

Соғыс басталған жылдары он алты жастан асқан ер жігіттер қанды майданға алып кетілгеннен кейін, Нағима жергілікті колхоз есепшісі болды. Ал болашақ жазушы Шыңғыс он төрт жасынан бастап, жергілікті кеңес хатшысы болып жұмыс жасады. Бала мектептегі білімін жалғастыру мен қатар, ересек адам жауапкершіліктерінде өз мойнына алуы қажет еді. Оның қасында сол жасөспірімдер де қатар жұмыс жасады. Және олар кейінірек кітап кейіпкерлеріне айналды: Алиман мен Толғанай...

Шыңғыс Айтматов өзінің туған жерін сүйді және оларға ерекше көзқараспен қарады. Отанын, жерін, сонымен қатар адамдарын сыйлағысы келетін еді. Әкесі секілді ол да шаруалар еңбегімен араласуға құштар болды. 8-сыныпты аяқтағаннан кейін, ол Жамбылға оқуға кетіп, Зоотехникалық училищені үздік бітіріп шығады. Одан кейін Фрунзедегі ауылшаруашылық институтына түседі. 1953 жылы жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін ол мал дәрігері болып жұмыс атқара бастады. Өзінің туған жер туралы әңгімелерін жергілікті басылымдарда жариялай бастайды.

Жазушылыққа деген ықыласы арта түскен Шыңғыс 1956 жылдан бастап, өзін әдебиетке арнағысы келетінін түсінді. Астаналық Жоғары әдеби курстарға оқуға барып, бір жылдан кейін оның «Жамила» атты әңгімесі француз тіліне аударылды. Ол «Правда» секілді бірнеше журналдарда корреспондент болып та жұмыс жасады. 1965 жылы Айтматовтың «Тұңғыш мұғалім» кітабы негізінде алғашқы фильм түсіріліп, әлемге өшпес мұра болды. «Ақ кеме» шығармасы, 1970 жыл оқиғасы ретінде таралып, бүкіл әлемдегі ең танымал туындылардың біріне айналды.

Шыңғыс Айтматовтың шығармаларындағы терең адам драматургиясы, философиясы, мифологиясы мен жарқын қырғыз дәмінің тоғысуы әдебиеттегі жаңалық болды және бүкіл ғаламшарда көптеген оқырмандар жүрегін жаулап ала білді. Оның шығармаларында негізгі тақырыптар адам өмірімен тығыз байланысты болды. Айбарлы соғыстың халықтарға тигізген көп зияны мен тауқыметін өз прозаларын шынайы әшкерлей алған жазушы ретінде атағы көкке жетті. Көптеген сыйлықтардың иегері атанып, мемлекет қайраткері атағын алды.

Шыңғыс Айтматов 2008 жылда сексен жасында, Германияның Нюрнберг атты қаласында ауыр науқастан қаза тапты. Ол өмірінің соңғы жылдарын Отаннан, туған жерден алыста өткізсе де, өзінің ана топырағына деген сүйіспеншілігін жоғалтқан еместі. Ол бұл махаббатын өз шығармаларында толықтай бейнелеп көрсете алған ірі қаламгер.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)**

1. Гачев Г.Д., «Шыңғыс Айтматов: әлемдік мәдениет аясында,» Фрунзе, 1989.
2. Исонов А., «Қазіргі прозаның психологизмі: Шыңғыс Айтматовтың шығармашылығы негізінде» 1985.
3. Рысқұлова Ж. «Ағылшын тілді елдердегі Шыңғыс Айтматовтың шығармашылығын қабылдау,» Фрунзе, 1987